

Бейнеу ауданының Қызыләскер ауылын Сам ауылы деп атау туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/29 шешімі және Маңғыстау облыс әкімдігінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 447 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 14 қаңтарда N 1997 тіркелді

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша: «селосын», «селосы» деген сөздер «ауылын», «ауылы» деген сөздермен ауыстырылды - Маңғыстау облыс әкімдігінің 21.05.2015 № 148 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 21.05.2015 № 25/390 бірлескен қаулысымен және шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бейнеу аудандық мәслихаты мен Бейнеу ауданы әкімдігінің Бейнеу ауданының Қызыләскер ауылын Сам ауылы деп атау туралы ұсынысын қарай отырып, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және облыстық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Бейнеу ауданының Қызыләскер ауылы Сам ауылы болып аталсын.
2. Осы шешім мен қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

Облыстық мәслихат хатшысы